

Филология және әлем тілдері факультеті
Факультет филологии и мировых языков
Faculty of Philology and World Languages

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір, 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«**ФАРАБИ ӘЛЕМІ**»
атты халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір, 2019 жыл

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года

МАТЕРИАЛЫ
Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«**ФАРАБИ ӘЛЕМІ**»
Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, April 2-12, 2019

MATERIALS
International Scientific Conference of
Students and Young Scientists
«**FARABI ALEMİ**»
Almaty, Kazakhstan, April 2-12, 2019

ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КИБЕР ӘДЕБИЕТ ЖАНРЫНЫҢ НЫШАНДАРЫ

Ахметова А.М.

Ғылыми жетекші: Рақыш Ж.С.

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

Цифрлы әдебиет жанры сандық ғылымның жылдам дамуына байланысты түрлі аспектіде зерттеліп келеді. «Киберәдебиет» атауындағы «кибер» (ағылшынша «cyber») префиксі компьютерлік технологиялық құрылғылармен және интернетпен байланысты деген мағынада ұғынылады. Яғни, технологиялық құрылғылардың ықпал ету барысында дүниеге келген әдебиет жанры.

Сандық әдебиет туындылары, көп жағдайда, әдебиет туралы қалыптасқан бұрынғы тұрақты түсініктерге түбегейлі қарсы келуі мүмкін. Өйткені батыс әдебиетіндегі цифрлы деп танылған туындылар жанрлық, формалық, мазмұндық тұрғыда түрлі трансформацияға ұшыраған. Цифрлы шығармалардағы түпкі идея айқын болғанымен, автордың ойлау жүйесі, таным қабілеті, тұлғалық сипаттары толықтай сандық эстетикамен, цифрлы өнімдермен тұтасталып кеткен. Бұл құбылыс туындылардың орналасу кеңістігі, оқылу жағдайы, графикалық сызбалардың, түрлі цифрлы тәсілдердің көмегімен құрастырылуы, мәтіннің (егер мәтін берілсе) дыбыстық фондармен көмкерілуі, т.б. әрбір деталінен айқын аңғарылады. Кейбір зерттеушілердің кейбірі осы жанрды алғашқыда компьютерлік ойындарға негізделіп қалыптасты деп санайды. Алайда қазақстандық әдеби медиада жоғарыдағы ғылыми тұжырымдарда сипатталғандай және Электронды әдебиет жинағына (<https://collection.eliterature.org/>) топтастырылған шығармаларға ұқсас, сандық әдебиет жанрының талап-ерекшеліктеріне сәйкес келетін туындылар әлі дүниеге келе қоймады. Дегенмен, ХХІ ғасырдың сандық әлемі мен ғаламтор кеңістігіндегі сан алуан құбылыстар қазақ әдебиетіне де айтарлықтай ықпал етуде. Формалық тұрғыда аса байқалмаса да, желі оқиғалары мен әрекеттері, жалпы виртуалды әлем әсер еткен әдеби өнімдер дүниеге келуде. Атап айтқанда, жазушы Дидар Амантай, Мадина Омарова, Мақсат Мәлік, Алмас Мырзахмет, Өміржан Әбдіхалықұлы, Мерей Қосын сынды авторлармен қатар, өзге де қаламгерлер кездесуі мүмкін.

М.Қосын «Буве нүктесі» әңгімесінде кейіпкердің түс көру формасы ретінде аудио таспаны пайдаланады. Дәл осылай аудио таспаны туынды арасында ұсыну кибер әдебиет жанрына тән құбылыс. Осы автордың «Олардың тарихы» беллетристикасы», «Ультрамахаббат», «Нерд», т.б. әңгімелерінен виртуалды әлемнің тікелей әсерін байқауға болады. Бұған қоса, жоғарыдағы авторлардың готикалық, интеллектуалдық, сентименталистік жанрдағы әңгімелерінің құрылымына, стиліне, көркем мазмұнына кибер құрылғылар толықтай әсер етпегенімен, интернет кеңістігінің, сандық ғасырдың кейбір нышандары елес береді. Оның бір көрінісі ретінде әңгімелер көлемінің өте қысқаруын, туындыны көркем бедерлеуге қарағанда қарапайым, қысқа сөйлемдер тасасында ауқымды ой-идеяларды, күрделі заманалық, қоғамдық түсініктерді бейнелеуді алдыңғы планға шығаруын атауға болады.

Ойымызды түйіндеп айтқанда, «өмір құбылыстарын сөзбен сомдап, образ тудыру» деген әдебиеттің бұған дейін қалыптасып қалған басты критерийіне кибер әдебиет жасаушысы аса мән бермейді. Олар үшін мәтіндегі индивидуалды қоғамдық ой, идея маңызды. Тек компьютерде жазылып, дүниеге келетін, сонда сақталатын кибер туындыларды дәстүрлі кітап ретінде басып шығарғанда сандық жанрлық маңызынан толықтай айырылуы мүмкін. Өйткені кейбір күрделі компьютерлік бағдарламалардың көмегімен жазылатын шығармаларды қағазға басып шығару мүмкін емес. Қазақ қаламгерлері цифрлы құрылғылардың қызметін әдебиетті дамыту жолында қолдануға күш салуда деп тұжырымдауға болады. Бұл тақырып бойынша зерттеу жұмыстарымыз әлі де жалғасады.

АРЬЯТОВ К.	<i>Образы немцев в казахской прозе XX века</i>	368
ЖУМАДИЛ А.	<i>Образ учителя в рассказах современных писателей</i>	369
КУРАЛБАЕВА М.	<i>Организация проектной деятельности учащихся при изучении романа А.С.Пушкина «Евгений Онегин» в 10 классе</i>	370
ИСАК А.	<i>Функции поэтических средств в стихах Бахыта Каирбекова</i>	371
ЕСЕТ С.	<i>Московское пространство в лирике Бахыта Кенжеева</i>	372
СЕРІКЖАН Т.	<i>Ұлттық поэзиядағы интермәтіндік құрылымдардың автор идеясын айқындаудағы рөлі</i>	373
САЙЛАУ Ә.	<i>Абай поэмасындағы Ескендір бейнесі</i>	374
БУРАБАЕВА Ж.	<i>Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «ескіліктің» мәні</i>	375
ОСПАНАЛЫ М.	<i>Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драмалық шығармалар рецепциясы</i>	376
МҰХТАР М.	<i>Комментарий арқылы оқытудың түрлері</i>	377
САРГЕЛТАЕВА А.	<i>Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының проблематикасы</i>	378
ЕРКЕБЕК Ә.	<i>Н.Дәуітайұлы әңгімелеріндегі көркем шындық</i>	379
АМАНБАЙ Қ.	<i>Роза Мұқанова драматургиясы: тартыс сипаты, сахналануы</i>	379
ДОСАНОВА Н.	<i>С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеу еңбегі</i>	380
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.	<i>Қазақ тарихи романдарын оқыту әдістемесі</i>	380
ДӘУІРХАН Ж.	<i>Модернизм және Г.Салықбай</i>	380
ҚАЙЫҢБАЙ Д.	<i>Қазақтың мистикалық прозасындағы мифологем</i>	382
ОРАЗХАН Н.	<i>Тынымбай Нұрмағабетовтің «Перзент» әңгімесінің моральдік-әлеуметтік сипаты</i>	383
СЕРИКОВА Т.	<i>М.Айымбетовтың «Құмалақшы Нұрберді» әңгімесіндегі қазақи таным-түсінік</i>	384
МҰХАМЕТҚАЛИ А.	<i>Бақытжан Момышұлы шығармашылығын дағы архетиптік белгілер</i>	385
СЕЙТЕНОВА А.	<i>Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы айлы пейзаж және психологиялық параллелизм</i>	386
АХМЕТОВА А.	<i>Қазақ әңгімелеріндегі кибер әдебиет жанрының нышандары</i>	387
АХМЕТОВА Г.	<i>Қазіргі қазақ повестеріндегі фольклорлық сана көрінісі</i>	388
АХМЕТОВА А.	<i>Көркем концептті әдебиеттануда зерттеудің әдіс-тәсілдері</i>	389
ҚАНАШЕВА Ұ.	<i>Шығарма және шындық</i>	390
БАЙБОЛАТ Ф.	<i>Өзге ұлт мектептерінде тіл мен әдебиетті кіріктірілген бағдарламамен оқыту</i>	391
ЕРГЕШ А.	<i>Махмұд Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдердің көрінісі</i>	392
ЖУТАЕВА А.	<i>Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністері</i>	393
НҰРҚАСЫМ А.	<i>Д.Исабеков шығармаларындағы өмір шындығы</i>	393
DAIRABEKOVA A.	<i>The problems of training geography teachers with transition to the trilingual education</i>	395
ШУКИЕВА А.	<i>«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» нұсқасының өзіндік ерекшелігі</i>	395
ДАЙРАБЕКОВА Г.К.	<i>М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы әншілік өнер</i>	396
ДАУТОВА Г.	<i>Түркі халық эпосындағы әйел образы</i>	397
СУЛТАН Е.	<i>Александр Затаевич пен Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық байланысы</i>	398
МЫРЗАБЕК Б.	<i>Тілдік санадағы менеджмент концептісінің көрінісі</i>	398